Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№53 (9940)
4 шілде
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

ҚҰТТЫҚТАУ



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Астана күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана әрбір қазақ үшін қымбат. Астана – тәуелсіздігіміздің тірегі, еліміздің жүрегі. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдан астам уақытында қазақ даласы түбегейлі өзгерді. Сондай үлкен өзгерістердің бірі – астанамыздың Сарыарқаның төріне көшуі.

Тәуелсіз қазақ елінің жаңа астанасының бой көтеруі, Астананың Ақмолаға келуі – бабалар рухын қастерлеу, қазақтың сонау ғасырлар бойы аңсаған арман-мұраттарының орындалуы десек болады. Жаңа астанамыздың бой көтеруі еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуына жаңа серпін берді. Қазақ халқы орасан жетістіктерге жетіп, үлкен биіктерді бағындырды.

Қазіргі таңда қазақ елінің алған асуы, шыққан биігі бұрынғы кеңестік республикалардан оқ бойы озық тұр. Қазақ мемлекетінің тарихында Астанамыздың орны ерекше, шоқтығы биік.

Еліміздің кіндік қаласы тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Елордасы Астанамыз әлем картасынан мәңгі орын алғанына биыл ширек ғасырдан асты. Осы уақыттар ішінде Астана әлемнің өркениет көшінің алдыңғы сапындағы, әсем де керікті қаласы ретінде танылды.

Ел астанасының тарихын зерделесек, Сыр өлкесі де шет қалмайды. Өткен ғасырдың 1926-1929 жылдары астана Орынбордан Қызылордаға көшіп келгенін білесіздер. Нақ осы Сыр бойында, Қызылордада алғаш рет қазақ халқының тарихи атауы қалпына келтірілді. Қырғыз-қайсақ болып келген халық тарихи өз атауын алды, Қазақ АССР құрылып, бұл қадам қазақ халқының біртұтастығын сақтауда шешуші маңызға ие болды. Сондықтан Қазақ даласының, еліміздің бүгінгі жетістіктері Сыр бойынан, Қызылордадан бастау алған десек, қателеспейміз.

Тарих тереңінен сыр тартқан Алматы қаласының біз үшін ерекше орны бар. Қазақстанның өркендеуінің басты символы болған бұл қала да еліміздің астанасы, одақтағы әсем қалалардың қатарында болды. Алматы қазір де ғылым, білім, мәдениет және қаржы орталығына айналған, миллиондаған тұрғыны бар еліміздің ең басты қаласы болып қала береді.

Бүгінгі Астана – әлемдегі ерекше қарқынмен дамып келе жатқан қалалардың бірі. Елордамыз Алаш жұртының мақтан тұтар мерейіне айналып отыр. Себебі Астана толассыз түлеу, дамылсыз даму үстінде. Сарыарқа төсіндегі Елорда-Астана өркен жайып, жаһандық сәулет өнерінің озық жиынтықтарымен ажарланып, құлпырып келеді.

Астана – байтақ Қазақстанымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының қуатты локомотиві рөлін атқаруда. Жаңа Астана тек біздің замандастарымыздың ғана емес, бізден кейінгі толқынның, жас ұрпақтың қаласы болады. Астана тәуелсіз еліміздің бас қаласы ретінде төл тарихымыздың жарқын да, жаңа беттері болмақ.

Астана – өркениет көшіндегі темірқазығымыз. Астанамыздың діңгегі мықты, мәртебесі биік болсын!

Мерекелеріңіз мерейлі болсын, ағайын, Астана күні құтты болсын! Елордамыз бірлік пен өркениеттің орталығына айналсын!

Асқарбек Есжанов,
Жалағаш ауданының әкімі

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Сыр медиа» ЖШС басылымдарына 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу әлі де жалғасуда.

Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.

Сарыарқа төріндегі Астана

Тәуелсіздігіміздің ұлы тұғыры, Алаштың асқақ айбары ару астананың төрткүл дүниені тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Аз ғана уақыт ішінде Қазақ елінің астанасы әлемнің әсем астаналарымен иық тіресіп, бой таластыра алатын деңгейге жетті. Бүгінгі Астана – Қазақстанның жаңа әлемдегі жарқын бейнесі. Астана – Батыс пен Шығысты жалғастыратын алтын көпір. Егемен елдің бас қаласы – ата-бабамыз бен кешегі Желтоқсан боздақтарының орындалған арманы.

Астана – Тәуелсіздіктің тарихи таңбасы, жарқын болашақтың жол басы. Елорда – ізгі ниеттер мен игілікті істердің, келісім мен кемел ойдың қаласы. Аз уақыттың ішінде серпінді дамып келе жатқан қазақ мемлекетінің баршаға мойындалған елордасы – шын мәнінде ұлттық идея, Қазақстанның кескін-келбеті. Елорда – тәуелсіздігіміздің бойтұмары, бүкіл қазақстандықтардың ортақ мақтанышы, бағыт-бағдарымызды айқындап беретін бағдаршамымыз, достық пен бейбітшіліктің мекені. Осыған дейін аз уақыт өтсе де, ауыз толтырып айтар жетістіктеріміз де аз емес. Әлем елдері тамсанып қарайтын ару астана күннен-күнге өркендеп, тек жақсылыққа қадам басып келеді.

Кезінде Астананы қиырдағы Алматыдан жер кіндігіндегі Ақмолаға көшіру арқылы қазақ тәуелсіздігін нығайтудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Бұл идея астарындағы көрегендікті жылжып өткен жылдар айқындап жатты. Есіл жағалауынан орын тепкен елордаға қарап, өңірлер бой түзеді.

Мемлекетке еш қиындық туғызбастан, республика көлемінде алып құрылыстар басталып, тоқырай бастаған өндірістер қайта жанданды. Жаңа кәсіпорындар бой көтеріп, ел экономикасы артты. Ежелгі Есілдің жағасында көрікті жас қала қанат жайды. Осымен қазақ елі әлемдік өркениетке үлес қоса алатын қабілетті ел екенін дәлелдеді.

Қазақстан астанасы – Қазақстанның саяси-әкімшілік орталығы, ұлттық бірлік пен тәуелсіздіктің символы. Қазақ елінің өз саясатын жүргізетін, өз даму үрдісін айқындаған, бәсекеге қабілетті ел ретінде танылуы – тәуелсіздіктің жемісі. 1925 жылы 9 ақпанда мемлекет астанасын Орынбордан Ақмешітке ауыстыру туралы қаулы қабылданды. Сол жылы 15-19 сәуірде Ақмешітте өткен кеңестердің Бүкілқазақстандық V съезі халқымыздың орысша «киргиз» деп аталуын «қазақ» деп, «Киргиз АКСР» атауын «Қазақ АКСР» деп өзгерту, ал республика астанасы Ақмешіт қаласының атауын Қызылорда қаласы деп өзгерту туралы қаулы қабылданды. 1925 жылы мемлекеттік басқару органдары Сыр бойына көшірілді.

Мұнан соң Жоғары билік өкілдері Сыр өңірінің экономикалық және табиғи жағдайын қолайсыз деп тауып, Ел астанасын Алматыға ауыстыру жөнінде қаулы қабылдады. Елорданың Сыр өңірінен Жетісуға ауысуына Түркістан-Сібір теміржолының іске қосылуы да тікелей әсер еткен. Ауа райы қолайлы, табиғи көркем жерде орналасқан Алматы қаласы аз уақыт ішінде елдің саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналды. Астана болған жылдары Алматы миллионнан астам халқы бар, жан-жақты дамыған әсем де шырайлы шаһарға айналды. Алматы қаласы 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Сонымен 1991 жылы Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, Ел астанасын оңтүстік-шығыстан орталыққа көшіру мәселесі көтерілді. Жаңа астананы орналастыруға оңтайлы жерді, қаланы анықтау мақсатымен республиканың бүкіл аймағы мұқият зерттелді. Зерттеу нәтижесінде барлық жағынан қолайлы деп танылған Ақмола қаласы болды. Мамандардың бағалауы бойынша Ақмолада тұрғын үйлер мен әкімшілік, іскерлік ғимараттарын салу бағасы да Алматымен салыстырғанда едәуір арзанға түседі деп топшыланған, әрине бұл шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

Сарыарқаның төсінде, Есілдің жағасынан орын тепкен астананың бүгінгі келбеті – әлем жұртына аян. Тарихқа көз жүгіртсек, сонау Ақмола, Целиноград атауларын арқалаған жас қала қазіргі таңда түрлі форумдар мен саяси жиындар өтетін маңызды орталыққа айналды. Экономикасы мен мәдениеті қарыштап дамудың даңғыл жолына түсті. Күн сайын келбеті артып келе жатқан шырайлы шаһарда бой көтерген зәулім сарайлар мен жаңа ғимараттар да аз емес. Қазақстанды әлемге танытқан елорданың даму жағдайы да, архитектуралық құрылысы да ерекше. Елорда арқылы әлем жұрты Қазақстанды таныды, оның қазіргі дамуы дәрежесін білетін жағдайға жетті. Аз уақыт ішінде азаттықпен қатар, ел іргесінің беріктігін қалап, береке-бірлігі жарасқан көпұлтты мемлекет атандық. Өз патшасы, өз саясаты, ұланбайтақ жері мен кеңпейіл халқы бар Қазақстан әлемдік аренада өзін танытты. Төрткүл дүниеге Қазақстанның дербес мемлекет, бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді. Елорданың көз сүйсіндірер әсем көркін сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Ол – тәуелсіз мемлекеттің елордасы ғана емес, қарыштап дамыған мемлекеттің, мәңгілік достықтың символы. Қазақ елінің заманауи бас қаласының жүйелі жетістіктері аз емес.

Арқадағы бас қала – халқымыздың аласармас айбыны, асқақ абыройы, мұқалмас рухы, азаттық аңсаған бабалардың орындалған арманы. Ол – ғасырлар қойнауында құмығып жатқан көне де көмескі тарихты жаңғыртқан, құм астында қалған ежелгі қалалардың тамырынан нәр алып, бір кездері суалған бәйтерегін қайта көктетіп, өркендеткен Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасы. Егемен елдің жаңа тынысы, Қазақстан тарихының ашылған жаңа парағы.

Елорда – арман-тілектеріміздің жүзеге асуының белгісі. Астана – жасампаз жастар қаласы. Оның болашағы жарқын, келешегі кемел. Әлем елдері тамсанып қарайтын ару астанамыз бұдан әрі өркендеп, тек жақсылыққа қадам бассын дейміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Бағдарлама игілігі

Кәсіпкер келіншек

Ағылшын жазушысы Бернард Шоу «Қолынан іс келетін адам жасайды, келмейтін адам үйретеді» дейді. Рас, қолынан іс келетін адам үшін арман-мақсатын жүзеге асыруға ештеңе кедергі бола алмайды. Тек қарым-қабілет пен ынта-жігер ұштасса болды. Бүгінде істің қиюын келтіріп, кәсібінен нәпақасын тауып жүрген жандарды көргенде ерекше қуанасың. Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен, кәсіп ашып, оны одан ары дөңгелентіп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені қандай да бір істі бастар жолда кездесетін кедергілер мен қиындықтарға төтеп беру ерік-жігердің күштілігіне байланысты.

Ниеттен туған құлшыныс кезіккен қиындықтардан өтуге серпін береді. Адам бойындағы тынымсыз еңбек, талпыныс, ізденіс арманға жетуге үздіксіз жетелеп, түбінде мақсаттың шыңына шығарады. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінен осындай талабы мен табандылығын бір арнада тоғыстырып, кәсібін шалқытып отырғандар көп-ақ. Біздің өңірде де кәсіпкерлік саласына тың идеялар әкеліп, дамуына серпін берген кәсіп иелері баршылық. Солардың бірі – Мәдениет ауылының тұрғыны, кәсіпкер келіншек Ақмоншақ Төлеген. Онымен әңгімелесіп, кәсібінің қыр-сырын білу үшін арнайы іздеп барған едік.

Мәдениетке табан тірегенімізде бұл ауылда тындырымды тірлік барын байқадық. Әсіресе ауыл тұрғыны Ақмоншақ Төлегеннің кондитерлік дүкенінде кезекте тұрғандар көп екен. Біз барғанда арнайы тапсырыспен кондитерлік өнімдер пісіретін кәсіпкер жұмыс үстінде жүрді.

Ақмоншақ – қайтарымсыз грантқа ие болып, мемлекет қолдауын көргендердің бірі. Кәсіп иесінің кондитерлік бұрышында сіз іздеген тәттінің бәрі бар. Тоқаш, торттың түрлері, бәліш пен тәттілерді, самса, пицца және нан өнімдері тағы не дейсіз, бәрі-бәрі осында.

Ауыл тұрғындары-ақ кәсіпкердің жұмысын қыздырып тұр. Әсіресе жаз айларында тапсырыс көбейеді екен. Тәтті өнімдерді қолдан пісіретін Ақмоншақтың жоспары да жоқ емес. Алдағы уақытта кондитерлік кәсібін кеңейтіп, дамытуды қолға алмақ.

– Алғашында болашақтағы кәсібімді қалай бастаймын, қалай дамытамын және оның пайдасы жөнінде көп ойландым. Қайтарымсыз грантқа ие болған кезде алдын ала жоспарланған істерімді лезде бастап кеттім. Қазір кішігірім кондитерлік кәсібім жұмыс істеп тұр. Мен кәсібім аясында өзімнің тәжірибемді жетілдіре түстім дей аламын. Бұған дейін де тәттілер пісіруде өзімнің қабілетім, тәжірибем де болды. Осында тұрмысқа шыққан соң бұл қолымнан келіп тұрған қабілетімнен қол үзіп қалғым келмеді. Сұраныс бар, көріп тұрғаныңыздай, азық-түлік дүкенімнің де саудасы жақсы. Пісірген тәттілерімді, торттарымды, жасаған сусындарымды осы дүкеніме сатылымға қоямын. Ауыл адамдарының да дені үйренген, пісірген өнімдерімді сүйсініп тұрып сатып алады, – дейді Ақмоншақ.

Кәсіпкер келіншекпен әңгіме үстінде жас та болса жан-жақтылығына, табандылығы мен ізденімпаздығына таңданғанымыз рас. Өйткені келіншек дүкенінің жұмысын, пісіретін тәттілері мен дайындайтын салқын сусындарын ұлғертіп қана қоймай, той-томалақ, мерекелік кештерді безендіруді, тапсырыспен тұсаукесер, қыз ұзату, құдалық сынды мерейтойларға арналған тойбастарлар жасауды да қолға алыпты.

– Бұл әрине оңай емес қой. Келін болғасын үй тірлігін, дүкеннің келушілерін, кондитерлік жұмысыммен қатар тапсырыспен безендіруге, тойбастар сыйлықтарын жасауға уақыттың тығыз екені анық. Бірақ жаспыз, ниет болса, үлгеруге болады. Қосымша қолға алған жұмысым бойынша қазірдің өзінде бірнеше тапсырыс алып үлгердім, шүкір, ойдағыдай жасап жатырмын. Бастысы, тапсырыс берушілерден алғыс алып жатырмын. Соған қарағанда жасаған жұмыстарым сұранысқа сай деп есептеймін, – деген кейіпкеріміз мұнымен тоқтап қалмайтынын да жасырмады.

Ол мемлекеттен қолдау болса, кәсібінің көкжиегін әлі де кеңейтуге ынталы. Шынтуайтында, кез келген іскер келіншек өз ісінде биіктен көрініп, жетістікке жетуді қалайды. Ал оған қалай қол жеткізуге болады? Әрине оған алдымен үлкен еңбек керек. Кәсіп бастар алдында жоспар құру, қажетті қаражатты табу – үлкен іс. Кәсіпкер келіншек тапсырысының көптігіне қарамастан көтеріңкі көңіл-күймен жүріп-ақ барлығына үлгереді. Себебі сүйікті ісіңмен айналысу ешқашан адамды шаршатпайды. Тек еңбектену керек. Ақмоншақтың қазір тұрақты тұтынушылары да бар. Кондитерлік өнімдер сөресіндегі торттардың бағасы 3500-7000 теңге аралығында. Кәнігі «Медовиктен» бастап, «Қызыл барқыт», «Вупипай», «Бисквитті» торттарды кезіктіресіз. Біз барған кезде дүкеніндегі мұздатқышын жаздың ыстық күндері сұранысқа ие салқын сусындарға толтырып қойыпты. «Алыстан ат терлетіп келіпсіздер, салқын судан ішіңіздер» деген соң Ақмоншақтың өз қолымен дайындаған сусынының дәмін көрдік. Расын айту керек, «Лайм», «Мохито» деп аталатын салқын сусындарының дәмі кәнігі дүкендерде сатылатын сусындардан артық демесеңіз, кем емес. Аядай ауылда отырып, қаншама тірліктің басын құрап, келістіріп, үлгертіп отырған келіншектің адам жатырқамайтын ашық мінезімен сүйсінткені тағы бар.

Әңгіме арасында кейіпкердің оқу орнын сұрап, негізгі мамандығынан да хабардар болдық. Ақмоншақ Төлеген Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін Қаржы мамандығы бойынша Экономика және бизнес бакалаврын тәмамдаған. Мұнымен қоса Әскер кафедрасын қаржылық қамтамасыз ету мамандығын алған запастағы офицер. Негізгі мамандығы бойынша жұмыс жасағысы келгенімен ауылда мүмкіндік болмағанын айтады. Сол себепті кәсіпке бетбұрып, тәуекел еткен.

Қысқасы, кейіпкеріміз – алдына мақсат қойып, қабілеті мен мақсатын бір арнаға тоғыстырған жан. Ауыл көлемін айтпағанда, Ақмоншақтың өнімдеріне көрші ауылдардан тапсырыс түсіп жатады. Бастысы, халықта сұраныс, кәсіпкерде ынта-жігер бар. Жас та болса үлкен істі дөңгелентіп отырған Ақмоншақтың ісіне береке берсін дейміз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Татулық пен бірліктің ордасы

– Қазақстан астанасы – әуелі ат басын тіреуге лайық ең жақсы мекен, бұл – елдің солтүстік-батысына жақын орналасқан Астана. Қаланың адуынды, айшықты архитектурасы қадам басқан сайын көз тартады. Шаһар символы 2002 жылы салынған, басында алтын жұмыртқа орналасқан ағаш бейнесіндегі әрі ескерткіш, әрі биік мұнара екеніне таңғалуға болмайды. «Бәйтерек» деп аталатын бұл ғимарат қазақ тілінде «алып терек» дегенді білдіреді. Аңызға сенсек, бұл ағаш – қасиетті самұрық құстың мекені, ол алып ағаштың ұшар басына өзінің алтын жұмыртқасын жасыратын болған, – дейді Хан Шатыр, Бейбітшілік пен келісім сарайы сияқты ғимараттарға сүйсінген сингапурлық журналист.

Иә, аңыз бен ақиқаттың шындық шырайындай Асан қайғы бабамыздың желмаямен жаһанды кезіп, халқына құт мекен болатын жерұйықты іздеуінде жан тебірентерліктей сыр жатыр емес пе? Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің Кеңес дәуірі кезінде астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті, түсті кілем Алматыға тұрақтауы Мәскеудің пәрменімен болған еді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіншілігіне өзіміз ие болдық. Осылайша бас қаламыз Қазақстанның орталығынан ойып тұрып орын алды. Ол – Астана қаласы.

Енді міне, жаңа астанамыз Астана шаһары екі ғасыр тоғысқанда жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған елдік оралып, құлаған орда қайта бой көтергеніне де себепкер болып отыр. Қалай десек те Астана қазақтың бас қаласы болып, өскелең ұрпақтың жарқыраған жұлдыздай келешегіне өз үлесін қосары сөзсіз.

Иә, қала сұлулығы қай адам баласын болсын тамсандыратынына күмәнім жоқ. Өйткені кең жазира далада көсіліп жатқан кемел сұлулығымен, күміс көлдерімен Есіл, Нұра секілді қыз бұрымындай тарқатылған өзендерімен өзіне тартады. Сондықтан болар, Астана мен үшін және әр қазақ баласы үшін әрқашан салтанаттың қаласы, тасы өрге домалап тұрған жандардың мекені бола бермек.

Қазіргі таңда астанамыз әлемдік, іскерлік байланыстың күре тамырына айналып отыр. Астанамыздың шаңырағы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті жайылды деуге болады. Астана қазірдің өзінде азиялық мемлекеттердің арасындағы заманауи, ізденіс үстіндегі қалаға айналды. Астананың орасан қос құрлықтың өкпе тұсында орналасуы келешекте қаланың осынау ұланғайыр кеңістіктің қуатты желілері тоғысқан торабына, XXI ғасырдағы экономикалық, технологиялық, ақпараттар тасқынының арнасына айналатынына күмән жоқ.

Астана – ерекше архитектуралық үлгімен бой көтерген кемел қала. Қаланы қақ жарған Есіл өзенінің жағалауын кезінде басқан қамыс бүгінде толықтай жойылып, бетон тақтайшалармен төселген. Есілдің мәрмәр жағалауынан зәулім ғимараттар бой көтеріп, қаланың орталық бөлігінде еуропалық үлгідегі шағын орамдар тұрғызылған.

Құрылыста озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылым арқылы құрылысты қарқынды түрде дамыту мақсатында Есілдің сол жағалауына инвестициялар тарату басты назарға алынған болатын. Сол себепті Астанадағы үкімет сарайлары, құрметті орындар, Экспо қалашығы мен қоғамдық ғимараттар аса көркекті сәулеттік бейнеге ие болып келеді. Осындай ғажап, өзге қалалардан ерекшеленіп тұрған Астанамыздың кескін-келбеті Европа материгінде орналасқан Париж, Лондон, Вена қаласының дәл өзінде жүргендей сезіндіретін қауқары бар. Парижге барғандар ең алдымен Эйфиль мұнарасына барса, Астанаға келгендер биіктігі 97 метрге жететін «Астана-Бәйтерек» монументін іздейтін сияқты. Осының өзі әлем төрінен орын алатындай көрініс емес пе?! Бас алаң төрінде халқымыздың өмірінде кемеңгер билігімен, әділ сөзімен, елінің басына ауыртпашылық түскенде шешендігімен, алғырлығымен еліне қорған болған, асқан беделге бөленген дана үш би – Әйтеке, Қазыбек, Төле бас қоса отырған сәулетті ескерткіш орналасқан. Көшелері де таптұйнақтай, қазақ даналарының есімімен аталады.

Әрине астанамыздың болашағы көбінесе XXI ғасырдағы халықаралық, экономикалық, геосаяси және басқа қатынастардың дамуына байланысты болары анық. Бүгінде бұл жас шаһар халықтарды бауырына басып, татуластырып қана қоймай, оларды жаңа қауымдастық, жаңа өркениет құру жолында топтастыра білген өлкеге айналды.

Иә, елорданың өркендеуі – қазақ елінің өркендеуінің белгісі. Ендеше бас қаланың іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепіліне айналмақ.

Жандос ЖАЗКЕН

6 ШІЛДЕ – ЕЛ БАҒЫНА БАЛАҒАН ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ ТУҒАН КҮНІ. ЕЛІМІЗ БОЙЫНША АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕ БОЛЫП САНАЛАДЫ. ЯҒНИ ӘР ЖЫЛ САЙЫН ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ 6-СЫ АТАУЛЫ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ ТОЙЛАНАДЫ. АСТАНА МЕРЕЙТОЙЫ – ЕЛІМІЗДІҢ МАҢЫЗДЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МЕЙРАМЫ.



Елорда – ел жүрегі

Сарыарқаның сайын даласында Отанымыздың жаңа елордасы, өркендеу үстіндегі Қазақстанның орталығы Астана бой түзеді. 1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Міне, содан бері 25 жыл өте шықты.

Астана десе, ең алдымен көп адамның есіне Бәйтерек келеді. Қазір Астанада сәулеті бір-бірімен бәсекелескен, көздің жауын алатын ғимараттар көп. Бүгінде Астанада сәулет өнерінің жауһарлары: «Ақорда», «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Қазақ елі монументі», «Мәңгілік Ел» аркасы, зәулім ғимараттар бой көтерді. Мемлекет үшін маңызы мол шешімдер қабылдайтын Астана бүгінде – елдің айнасы, ұлт келбеті, еліміздің кіндік қаласы болып саналады.

Астана шаһары сан тармақты, алуан сипатты ұлт мәдениеті мен өркениетінің алтын құндағында. Қазақ елінің алтын тәжі, рух пен иманның күретамыры, жақсылықтың ұясына айналды. Тарихы мен табиғаты, сәулеті мен бүкіл тіршілігі дара, ғажап үлгісі, күйіміздің күмбірі, тарихымыздың түндігі, көңіліміздің жыр-гүлі жас қала Астананың күн сайын еңсесі биіктеген қалаға айналуы әлем жұртын сүйсіндіріп, көркімен тамсандыруда.

Бүгінде тәуелсіз еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылды. Айбынды мемлекетке айналып, дамудың даңғыл жолына түсті. Мемлекетіміздің бас қаласы Астана – Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін паш еткен, Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тірегі.

Астана – халқымыз үшін тәуелсіздік пен өсіп-өркендеудің алтын тұғыры. Уақыттан оза шапқан бүгінгі Астана – еліміздің ертеңге деген үкілі үміті мен сенімінің көрінісі, арманы мен тілегінің кепілі.

Астана – тәуелсіздігіміз бен мемлекеттілігіміздің символы, ұлт болып ұйысуымыздың, жұрт болып жарасуымыздың белгісі. Астана арқылы қазақ жерінің тұтастығы сақталып, қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Астананың тағдыры – қазақтың тағдыры, астананың мәртебесі – қазақтың мерейі, астананың табысы – қазақтың жеңісі.

Бүгінде әлемге әйгілі болған Астана арқылы қазақтың да абыройы асқақтап отыр. Ерке Есілдің жағалауында орналасқан айбынды Астана – елдің тек әкімшілік-саяси орталығы ғана емес, мәуелі мәдениет пен ұлтаралық келісімнің, саяси диалогтың бас ордасына айналды.

Бүгінгі әсем Астанамыз еліміздің тек әкімшілік орталығы болумен шектелмейді, сонымен қатар бабаларымыз аңсаған азаттық пен ұлттық қайта түлеудің де орталығына айналды. Еліміздің шет елдермен жоғары деңгейдегі ресми кездесулері, білім мен ғылым, мәдениет пен өнер, спорт пен туризм саласындағы іс-шаралардың бәрі біздің Астанамызда өтеді. Астана – біздің ортақ шаңырағымыз. Астана өзінің жаңа тарихында өзге ұлттарды ғана емес, бүкіл адамзатты бейбітшілік пен келісімге шақырып отыр және шақыра бермек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Айшықты астаналар

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА БІРНЕШЕ АСТАНАНЫҢ БОЛҒАНЫН БІРІ БІЛСЕ, БІРІ БІЛМЕУІ БЕК МҮМКІН. БҮГІНГІ ӘҢГІМЕМІЗ ОСЫ ҚАЛАЛАР ЖАЙЫНДА БОЛМАҚ.



СЫҒАНАҚ

Сығанақ қаласының Қазақ хандығының астанасы қай кезде болғанын айту қиын, өйткені бұл туралы нақты деректер жоқ. Бәлкім XV ғасырдан XVII ғасырға дейін астана болған. Оның қалдықтары Сунақата ауылынан солтүстікке қарай екі шақырым жерде орналасқан. Аталған ауыл Қызылорда-Шымкент тас жолында орналасқан. Қаланың атауы жазба деректерден және XIV ғасырда мұнда шығарылатын монеталардан белгілі болды. Сығанақ қаласы алғашқыда X ғасырдың деректерінде кездеседі, ал XI ғасырда Махмұд Қашқари оны оғыздардың қаласы деп атаған. Бұл қала қазақ хандығының алғашқы астанасы саналады.

ТҮРКІСТАН

Түркістан қаласы (Яссы) түркі тілдес халықтардың рухани әрі саяси орталығы ретінде белгілі болып, XVI ғасырдың аяғынан бастап XVII ғасырдың 30 жылдарына дейін Қазақ хандығының астанасы болған. Орта Сырдария Қазақ хандығына кіргеннен кейін Яссы қаласы Қазақ хандығының резиденциясына айналып кеткен, осы кезде ол ірі сауда мен қолөнер орталығы болып саналған.

ТАШКЕНТ

Қытайдан Еуропаға апаратын Ұлы Жібек Жолындағы ежелгі қалалардың бірі болған. Б. з. д. II ғасырда қалалық қоныс ретінде Ташкент туралы алғашқы мәліметтер шығыс дереккөздерде пайда болған. Қазақтар Ташкентті 1586 жылы жаулап алған, ал 1630 жылы осы қала Қазақ хандығының астанасы болып бекітілген. Шамамен жүз жыл бойы Қазақ хандығының ордасы болған. Есім хан Ташкент басшылығын жойып, Ферғана қаласын жаулап алғанда, бейбітшілік үшін Самарқанд, Бұқара қалаларынан бас тартады. Ташкент астана мәртебесіне ие болғанда, мұнда жыл сайынғы Мәслихат (заң шығаратын ең жоғары өкімет билігі) жиналысы өткен.

СЕМЕЙ

Семей қаласы – Алаш автономиясының астанасы (1917-1920 жж). Семей қаласының тарихы 1718 жылы басталған. Ол Петр I дәуірінде салынған. Осы кездегі шығыс жерлерді қорғау мен Ертіс маңындағы бекіністерді салу туралы Петр I Жарлығы шыққан. Одан кейін Семей бекінісі өзінің әскери-стратегиялық нысан ретіндегі қызметінен айырмай, сауда орталығына айналып кетті. Сауда орталығы ретінде ол Ресей мен Қазақстанды, Ресей мен Орта Азияны, Батыс Қытайды байланыстырды.

ОРЫНБОР

Орынбор қаласының негізі 1743 жылдың 19 сәуірінде қаланған. 1920 жылдың 26 тамызында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ын құру туралы Декреті шықты. Орталығы Орынбор қаласы болып белгіленді. Бірақ 1925 жылы Қазақстан астанасы Сырдария өзенінің бойында орналасқан Ақмешіт қаласына көшірілген. Сондықтан оның атауы Қызылорда деп өзгертілген. Орынбор мен Орынбор облысы дербес губерния ретінде РСФСР құрамына кірді.

ҚЫЗЫЛОРДА

Ақмешіт бекінісін 1820 жылы Қоқан ханы Омархан салғызған. Бастапқыда ол қазақ даласындағы Қоқан хандығының форпосты ретінде болған. 1853 жылдың 28 шілдесінде оны В.А.Перовскидің басқаруымен орыс әскерлері жаулап алып, Форт-Перовский деп өз атауын берген. Осы кезде бекіністі Якуп бектің басқаруымен қоқандықтар қорғаған. 1917 жылдың 30 қазанында қалада Кеңес өкіметі орнады. Ал 1922 жылы қалаға оның бұрынғы атауы Ақмешіт қайта берілген болатын.

АЛМАТЫ

Алматы қаласы 1929-1998 жылдары Қазақстан астанасы болған. X-XIV ғг. қазіргі Алматының орнында ортағасырлық Алмату қонысы болған. Кейін 1854 жылы орыс казактары Верный фортын салған. XIX ғасырда әскери бекіністі салу мақсатында мұнда казактар келген. Өңірдің сұлулығы мен қолайлы климаты оларды таңқалдырды. 1855 жылы Орталық Ресейден Верный қаласына алғашқы қоныстанушылар көшіп келген.

Астана

Ақмола қаласының шексіз далаларында әртүрлі өркениеттер мен мәдениеттер тоғысқан. 1997-1998 жылдары республиканың астанасы қазақ даласының орталығы – Ақмола қаласына (қазіргі кезде Нұр-Сұлтан қаласы) көшірілген. Еліміз тәуелсіздік алған соң азат мемлекет ретінде қабылдаған тарихи шешімдердің ең негізгілерінің бірі астананы Арқа төсіне көшіру болғанын жаңа тарихты жазушылар да, әлемдік сарапшылар да әлдеқашан мойындады. Уақыт өткен сайын көз ілеспес жылдамдықпен дамып, жер жаһандағы әсем шаһарлардың қатарына қосылған елордамыз аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанның басты брендіне айналды. Еуразия кіндігіндегі жас қала алып құрылыстың, дәстүр мен жаңашылдықтың озық үлгілерін бойына жинады. Қазір бұл өңір әлемдік деңгейдегі басқосулар мен жиындар өтетін, адамзатқа ортақ мәселелердің шешімі талқыланатын орталық саналады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қырғи би

Қазақ халқы соңғы бес ғасырда, оның ішінде XVIII-XIX ғасырда қазақ даласында дүбірге толы, тарихтың аумалы-төкпелі кезеңдерінде өзінің халық алдындағы азаматтық борышын орындауда, елдің, жердің тұтастығын сақтауда, қасық қаны қалғанша шайқастарда қол бастаған батырларымыз, айтыс-тартыстарда ел тұтастығын сақтауда, шешен сөзді билерден кенде болмаған. Ата-бабаларымыз түйенің қомында, аттың жалында жүріп, түрлі тарихи кезеңде халқының бірлігін сақтап, ұлт болып қалыптасудағы батырлығын бүгінгі ұрпақ білуі тиіс.

Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан ұланғайыр даламызды бөлшектеуге, халқын бодандыққа айналдыруда көз тіккен, әсіресе кіші жүз қазақтарын бір жағынан Еділ бойындағы құба қалмақтар мен башқұрттар, екінші жағынан жоңғар қалмақтары, ара-тұра түркімендер шабуылдап отырған. Ал XIX ғасырда Сыр бойын жаулап алуды мақсат еткен, жаулап та алған қоқан, хиуа хандары билеушілерінің қазақ халқына көрсеткен қорлығы бәрінен асып түсті. Орыс империясы Еділ мен Жайықтан өтіп, қазақ даласын сырт жаулары Қоқан-Хиуа шапқыншылықтарын азат етемізі деп өздерінің жымысқы әрекеттерімен қазақ жеріне бойлап еніп, өздерінің экспанциялау саясатын жүзеге асырумен болған. Қазақтардың Ресей бодандығына кіруіне мәжбүр еткен.

Осы бір заманның қиын-қыстау кезінде Сырдария өзенінің орта ағысындағы елді мекендер мен Қараөзек бойын қыстап, жазда Қарақұм даласын жайлап, көшіп-қонып күн көріп отырған татулығы мен ауызбіршілігі жарасқан табын тайпалары болатын.

Бұл уақыт Ресей империясы түгелдей қазақ жерін экспанциялап, бұрынғы хандық басқаруда өз указдарымен жойып, «қазақ-қайсақ даласын бөлшектеп басқару» жүйесінің жүзеге асқан кезі еді. Кезінде осы өңірді мекендеуге Нұралы ханға хабардар етіп, кейін Орынбор генерал-губернаторының рұқсатымен елін қоныстандыруға рұқсат алған табынның батыр биі Байқадам батыр болатын.

Өз тіршіліктерімен өмір сүріп жатқан елге алыстан көз тіккен, жымысқы ойларын жүзеге асыру мақсатында Қоқан ханы Аллақұл оның сұлтаны Қарауылбек, Өгіз батырлары тыныш жатқан табын еліне дендеп еніп, алғашқы жылдары әрік-миіз, жібек, қант, шайларын әкеліп, сауда-саттық жасай бастайды. Сыр бойының тұнып тұрған байлығын иелену үшін, өңірді күшпен басып алуға тұрақты әскерлерін әкеле бастайды. Қоқандар Күмісқорған, Шымқорған, Қорғанша т.б. қамалдарды сала бастаған. Елге кіріп алған қоқандар жергілікті халықты билеп-төстеп өз әмірлерін күштеп жүргізуді қолдарына алады. Зекет, алым-салықтардың түрі көбейіп, жергілікті халықты орта ғасырлық тағылық тәсілдермен жазалауды жүргізе бастайды. Қоқандардың құныққаны сонша, жергілікті тұрғындардың тұр-тұлғасына мүгедектер мен ауру-сырқауларға да салық салуды үдете түседі. Көне құлақтардан бүгінгі күнге жеткен сол кездері ел аузында мынандай сөз болған дейді.

Ойма тазға отыз теңге,
Қырма тазға қырық теңге.
Таппассаң да бересің бес теңге,
Таппасаң, сал «артыңды» көрсенге.

Яғни құлдыққа сатыласың, Қоқанға айдаласың деген мағынаны білдірген. Қоқандардың басынғаны сондай, Байқадам батырдың бәйгеге қосып жүрген шұбар атын Қарауылбек сұлтан ұрлап, жүз жылқымен Қызылқұмның үстімен Аллақұлға тарту етуге айдап жібереді. Мұны біліп қалған табынның жігіттері арттарынан қуып, Қызылқұмда ұстап, барымташыларды байлап сыр бойына жеткізеді. Ұлтаралық бұл даудамай істі шешу сол кездегі табынның билері Барлыбай аталығынан жасы үлкен Қасым, тартулы Мысық би, Есенбайдың Жақап аталығынан Қырғи би құзырына тапсырылған.

Би – халқының құрметіне, сеніміне ие болған, көреген талай айтыс-тартыстарда істі әділ шешетін жиындарда оның рулық ойлау деңгейінен оқ бойы озық тұлға. Би – айтыс, даудың соңғы шешімін сөзін қорытындылайтын шешен. Жасынан зерек, табиғат берген, тегін жалғастырған талантымен қатар оның өскен ортасының әсерін бойына сіңірген тұлға. Би-шешендік, даналық тапқыр мазмұндық билігі ұшқыр ойларды санасына сіңіріп, көсем де шешен сөйлейтін алғыр адамдар болған.

«Байқадам батыр» кітабының авторы Баймаханұлы Мәдібай отызыншы жылдары ҚазГУ-дың жанындағы педагогикалық институтты бітірген, жоғары білімді соғыс, еңбек ардагері, ел ағасы болған кісі. Елдің, жердің туған өлкесінің тарихын жетік білетін шежірешіл аға еді. Өз естелігіне Мәкең XIX ғасырдың екінші жартысында Сыр бойында өмір сүрген табын тайпасының батыр билері мен ел ағалары жайлы деректерді көптеп келтірген. Осы негізге сүйене отырып, осы жолдардың авторы да шежірешіл ағаның ой тұжырымдарын мақалаға арқау етті.

Мәкеңнің естелігінде Қасым би замандастарынан жасы үлкен, халқына сыйлы, сөзге шешен, тауып сөйлейтін, қоғамшыл, қауымшыл қонақжай, ауқатты. Кең пішілген адамды өзіне тарта білетін, өзін басқалардан артық санамайтын кісі болған. Осы мінезімен, қасиетімен ортасына сыйлы, құрметке ие болған. Қасым би Қарауылбек сұлтанның Хамит дейтін шабарман өзінің айтқанына көндіріп, Байқадам батырдың бәйгеге қосып жүрген шұбар арғымағын ұрлап, жүз жылқымен қосып Махмуд деген саудагерге Қоқанға айдайтып жібергенін біліп, Байқадам батырға хабарлаған. Бұл сол кездер үшін тапқырлық пен нағыз ерлік еді. Ұсталған қоқандықтарды Байқадам батырдың ауылына жеткізеді. Оларды жазалап, билік айтуға Қырғи және Мысық би батыр ауылына жедел шақырылады. Сөзді Қасым би бастап:

– Өз бетімізше тыныш жатқан ел едік. Қоқандар көбейген сайын, елдің тынышын бұл немелер бұзды. Не де болса ақырына дейін көрейік. Бұл сарттар не істер деп көптен ойда едім. Бұлар әскер төгіп, қорған, бекініс салуда. Олардың мақсатын сұрап-біліп едім. Арал теңізі арқылы орыс патшасының әскері келетін көрінеді. Сол үшін қоқан хандығы өз әскерлерін көбейтіп жатыр. Тұрғылықты халыққа оның зияны жоқ, сіздерге ешкім тимейді дейді. Екі жүз сартты қуатын күшіміз бар. Сол күшті жинап-теріп, батырдың қол астына беруіміз керек. Қарулы жігіттерден қол дайындайық. Батыр оларды шабысуға, соғысуға үйретсін. Бұл – батырдың жұмысы. Бұқарбай батыр айдап әкел деген Қоқандарды не істейміз? Оларды босатамыз ба? Әлде қорғанына жібереміз бе? Мал мүліктерін қайтеміз? Алдымен осыны ақылдасып, бір шешімге келейік бұған қалай қарайсыздар, – дейді

Сөзге Байқадам батыр араласып:

– Егер қарсы болмасаңдар, осының төрелігін Қырғи би айтсын – деп күле сөйлейді.

Әрі қарай сөзін жалғап:

– Билікті осы Қырғиға қай уақытта болса да бергеніміз жөн емес пе, оған Мысық би иініміз ренжімес, негізі бір биге келіскеніміз жөн болар, алда әлі талай шатақтар болғалы тұр. Мысық би соларға дайын тұрсында.

Мысық биде күле жауап қатты:

– Мен Қоқанның қолы мен тілін байлауға көмектесемін, ал билікті ағамыздың өздері бергені дұрыс болар. Ағамызға ешкім таласа алмайды.

Билік кеңеске келе жатқан Мысық би терең ойға кетеді:

– Қазақ деген халықтың табиғатпен байланысы өте күшті болған-ау. Ата бабамыз жарық дүниеге келгенде атамды жолы есен-сау болсын деп Есенжол қойыпты. Өсе келе менің барлық ой санам сол Мысықтың қасиеті мысқылдап ене бастады. Мысықтың келген ізі мен кеткен ізін де көзбен көрмегесін, еш уақытта байқай алмайсың. Сусыз шайынады, таза жүреді. Мен де сондаймын Мысық өзінің жемтігін іздегенде оған көзін оқтап қадап, денесін ширатып алады. Мен де көптің алдында сөйлегенде кісіні жіті бақылап, оның әрбір сөзін миыма сіңіріп тыңдаймын. Ойды керек жерінде қолдана білемін. Осы қасиетім Мысық, атандырды. Ал енді Қырғи ағаны алсақ, оның мінезі, ақылы құста, жетпіске келсе де, еш аумайды. Екі көзі шоқтай жайнап, қараған бетінен тоймай, сөйлеп отырғанда кірпігінде қақпай отырады. Сөзін бөлсең, екі көзінен екі инесі атылып келіп жүрегіңе қадалғанда, сол арқылы-ақ жаның жаханға кете жаздайды. Неткен күш, оның да атын атан-анасы қалай тауып Қырғи қойған. Ал билігіне келсең, шешімі тура әрі әділ, барлығын қамтып келіп, бір-ақ ауыз сөзбен жаныңды жайластырады.

Елді бірлікте ұстап жүрген осы ағалар, сондықтан ол кісі ақылды, елді бірлікте ұстап жүрген осы ағалар, сондықтан да ол кісі азуы алты қарыс «жақап» дейді. Қазіргі кезде өте қажет адам. Бір жағымыздан қаптап жатқан қоқандар Төбе-төбенің басын жайлап алып, әскерін төгіп жатыр, олар не бітірмек, не мақсаты бар? Біздің елімізге келіп мал баға ма, әлде біздің малымызды тонай ма, ол жағын бір Құдайдың өзі біледі. Осындай аласапыран кезде елге менен гөрі Байқадам мен Қырғи керек. Бірі батыр, екіншісі тез шешім табатын тұла бойы толып тұрған ақылды кісі.

Бүгінгі отырыста Байқадам батыр сөйлегенше Қырғи сөз бастаған жоқ, әдеп сақтай білгені, әрі батырды, оның адамагершілік аруағын сыйлағаны! Осы өлкеде отырған халықтың бәйгеге ат қосқандағы ұраны «Сәрке», палуан күресте де ұраны «Сәрке», төтенше бір жағдай болып жауға шапса да бұл ел «Сәркелеп» шабады. Сол Сәрке батырдың тікелей ұрпағы осы Байқадам батыр, елдің де жердің де қорғаны. Қырғимен ағайындас, екеуі де бүкіл елді бір кісінің баласындай көреді. Ел де екеуінің тілеуін тілейді, ең аржағы біреуінің малы ұрланса да, өздері барып, тауып береді. Ол екуіне ел де әбден арқа сүйіп алған, ертеңгі биліктің шешіміне мені Қырғидың қасына қосып беріп отырғаны, сол кісілерден үйренсін, әрі олар мені баули берсін дегені ғой.

Топқа түсуге тоқсан түрлі әдіс керек, ал оны ұстау үшін, осы ағалардан үйрене беруге тиіспін, менде де зеректік бар.

Мысық би ірімдері терең шалқыған ойларынан әрең шықты. Осы кезде ұсталған қоқандарда жеткізілген еді. Сөзді Бұқарбай батырға қарап Қырғи би:

– Ұсталғандарды біртіндеп кіргіз. Алдымен басшысын әкел. Үйге босатып кіргіз.

Батыр далаға шығып, жігіттеріне дауыстап: – Махмудты босатып, үйге кіргізіңдер.

Үйге кірген Махмуд екі қолын жүрегінің тұсына ұстап, еңкейіп билерге сәлем берді.

– Атың кім?

– Махмуд.

– Қайда тұрасың?

– Хиуада тұрамын.

– Батырдың атын неге ұрладың?

– Мен ұрлағаным жоқ. Қарауылбек сұлтан елге апарып таста, менің жылқыларым деді. Ұрлық мал екенін білмедім.

– Өз малың қанша?

– Жүз қаралы, айырбас саудамен алғанмын.

– Еліңде ұрлық үшін не жаза береді?

– Біздің елде ұрлық жоқ. Жазасын білмеймін.

– Мен ұрыларды ұстап алып отырмын, не жаза берейін?

– Ол сіздің билігіңізде. Кешіре көріңіз, алты балам бар еді, бәрі жас. Мұсылманмын ғой.

– Басқа серіктеріннің ішінен малды кім ұрлағанын білетіндер бар ма?

– Жоқ, олар – менің туыстарым, біле қойса, маған айтады.

– Сұлтанның туысынан осы он адамның ішінде бар ма?

– Жоқ. Маған аттарды Қоқандағы үйіне жеткізіп беруді тапсырған.

– Онда сені жазаға тартамын.

– Билік сізде. Кешіруіңізді өтінемін.

– Жазаңды жеңілдетсем, бізге не көмек бересің?

– Құлыңыз болып өтейін, не тапсырсаңыз да бәрін орындаймын.

– Қарауылбек сұлтанның не ойлап жүргенін маған жеткізіп тұрасың ба? Күмісқорғаннан не хабар келіп тұрғанын. Оның барлық әрекетін түгелдей бізге жеткізіп тұра аласыз ба?

– Барлық жағдайды сіздерге жеткізіп тұруға ант беремін, тек қана бала-шағам үшін жанымды қалдырсаңыз болғаны. Батырдың атының кетіп бара жатқанын, күмәндық жасап, ұзап шыққаннан кейін, Қасым биге хабар берген мен едім және қуғыншы жетсін деп жай жүріп едік, олай етуім сіздің елге істеген адалдығым еді. Енді ант бергесін, барлық қызметімді өлгенше істеймін.

Қырғи Қасым биге қарады.

– Иә, Махмудтың айтып тұрғаны рас, билігінде мұны ескеріңіз, – деді Қасым би.

Қырғи енді Мысық биге қарады:

– Сұрағың болса сұрай бер – деді

– Барлығы да түсінікті болды ғой, билігіңізді айта беріңіз.

Қырғи билігіне көшті:

– Махмуд! Басқаларыңызды шақырып сұрамаймын. Сенің айтқаның жеткілікті. Осы арадағы халықтың атынан, істеген қылмысың үшін, қарауындағы он адам әрқайсысың екі жылқыдан айып төлейсің, басқа дүние-мүлік өзіңе қайтарылады. Екіншісі, ағайындарыңның мал-мүлкін еліңе қайтаруға рұқсат етемін. Өзің Қарауылбек сұлтанның қорғанында қалып бізге қызмет жасайсың. Қарауылбек сұлтанға ұсталғандарыңды айтасың. Екінші рет ұрлық істеме деп босатты дерсің. Енді қолға түссең, бастан айырыласың, қандай өтінішің бар?

– Далаға шығып келуге ұлықсат етіңіз.

– Жіберіңдер, барып келсін.

Махмуд далаға шығып, бір баламен алты зерлі сарт шапанын алып ішке кірді. Қырғиға қарап:

– Әділ шешіміңіз үшін зерделі мына шапандарды сіздерге ұсынуға рұқсат етіңіз. Билігіңізге рахмет! Алладан қайтсын. Жиырма атты осында қалдырып кетейік, қош болыңдар, біз қорғанға кеттік. Шығуға рұқсат етіңіздер. Әкежан қош, қош, – деумен Махмуд үйден шықты. Қырғи Қасым биге қарады:

– Аға, елдің елдігіне жасаған еңбегіңіз бар, бір атты, сарттың зерлі шапанымен сіз мініңіз. «Ат аунаған жерде түк қалады» деген бір атты Масбай шырағым, тойға билер болып байлағанымыз, соған беремін, ал қалған жылқыны қос. Байқадам батыр керек еткенін алып, халықтың қажетіне жаратсын. Маған, Мысыққа, Байқадамға, Оразбайға шапан да болады, – деп Қасым би елдің бірлігі мен тірлігін айтып бата берген екен.

Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы елді мекендер қоқандардың қызығушылығын арттырған. Бұл өңірден атақты қоқандардың Жібек жолы өтетін. Қараөзек арқылы Арқаға, Оңтүстікке дария бойын жағалап орналасқан елді мекендермен Түркістанға, Солтүстікке Аралға шығатын маңызы бар аймақ болатын. Сондықтан қоқандар бұл аймаққа жанығып қорғандар салып, әскерлерін әкеле бастаған. Қоқан ханы Аллақұл осы өңірдегі бегі Қаруылбек сұлтанға, бұл аймақты Қоқан хандығына бағындыруды талап етіп, өзінің бастауымен бес жүз әскермен шабатынын мәлімдеген. Халқының азаттығы мен бостандығы үшін жұдырыққа жұмылыдырып, Қоқан ханы Аллақұлдың басқыншыларына қарсы соғыста бұдан бір ғасыр бұрын атасы Сәрке батырдың қалмақтарды Бұланды өзені бойында қырған, қазақ даласынан қуған, әулие батырдың немересі Байқадам батырдың басшылығымен Байқадам батыр мен жақап Қырғи би қатар өмір сүрген екен.

Қырғи бидің жасы 5-6 ай ғана үлкен көрінеді. Батыр мен би дау-дамайды екі түрлі жолмен шешіп отырған. Белгі бір күрделілеу істерді кеңесіп шешетін болғандықтан батыр мен би бір-бірінен шалғай кете бермеген сияқты. Оның үстінде ол заманда үлкенді сыйлау деген тағы бар. Байқадам көршілес отырған елден ауқатты бір адамның бір үйір қысырағын айдатып алады. Сірә жайылым, қоныс жағдайындағы келіспеушіліктерден болса керек. Әлгі азамат дереу Қырғиға келеді. Би құдасын ертіп, Байқадам батырға келіп түседі. Жайғасып отырған соң Қырғи дәрет алып, далаға шығады, үйде қалған батыр әлгі адамға реніш айтады.

– Қырғиды сен ертіп келдің-ау, әттеген-ай, өзің келгенде мына көлге жалдар едім, – дейді.

Бұл әңгімені көлеңкеде дәрет алып отырған Қырғи би естиді. Әлден уақыттан кейін Қырғи үйге келіп Байқадамға:

– Ей Байқадам, сен қалай-қалай сөйлейсің менің құдама, сондай-ақ менің құдам сенің құдаң Бақтыбайдан (Бозшаның әкесі Ажым) Бөдік Сейдуалыңнан кем бе, алды-артыңа неге қарамайсың, егер менің бетім теріс бұрылса, басқалар көзінді қарғаша шұқыр депті. Сөзге тоқтаған Байқадам батыр жылқысын әлгі адамға айдатып жіберген екен.

Тағы бір жолы Қырғи Байқадам батырды ақылмен өз айтқанына жүргізгені бар. Байқадам әйелдерінің біреуіне ұзақ уақыт соқпайды, жағдайын білмей, суықтап жүргенін сезген Қырғи би әдейі арнап келіп, әлгі келінінің үйіне түседі. Мұны естіген батыр жедел түрде үйіне келіп, қонаққа шай-су, қонақасы даярлап, түні бойы әңгімелесе отырып, ақырында сонда қонады. Кейін Байқадам батыр: «Құдай құдай емес, Қырғи Құдай екен депті».

Он жылға созылған ұлт-азаттық соғыстан елге оралған Бұқарбай батыр өз еліне егін екпірмек болып Қырғидан «Бегі» көлінен саға алып, арық қаздыруға рұқсат алу үшін бидің ауылына барады. Сонда Қырғи би: – Жиеннің (Бұқарбай батырдың шешесі Зағипа жақап табын Бәйтен батырдың қызы) назы жаман болады деуші еді, өзі де тегін кісі емес, батырсың ғой, меселінді қайтармайын, бердім саған, – деп батасын берген екен.

Халқымыздың ғасырлар бойы созылған шұбаланды соқпақтары кездерінде ұлтымыздың азаттығы мен бостандығы үшін күрескен ұлтжанды біртуар перзенттеріміздің өмірдеректерін бүгінгі ұрпақ білуі керек. Жиырмасыншы ғасырдағы тәуелсіздікке қол жеткен кезде егеменді еліміздің төл тарихы қайта жазылу кезінде, сол тарихты жасаушы, еліне қорған, халқына пана болған батырларымыз бен билеріміздің өмір тарихын бүгінгі заманның талабына сай жаңғырту – біздердің міндетіміз.

Ол 1774 жылы осы өңірде дүниеге келіп, өмір сүрген. Сексенге жақындап, Қараөзек бойында дүниеден өткен Қырғи бидің деректері жоғарыда баяндалғандай, өз заманының зерек ойлы, уақыт ағымын болжай білетін, әділдік пен шындықты бойына ту еткен, от ауызды, орақ тілді, билікте қара қылды қақ жарған, шешен сөзді, заманның төбе биі болған тұлға. Ол кісінің халқының құрметіне бөленіп, үлкен абырой-беделге ие болуының көрінісі. Ол кісі дүниеден өткеннен кейін, артында қалғандардың сол кездің үрдісіне сай салған үй-там күмбезді мазарынан көруге болады. 2014 жылы облыстық ескерткіштерді қорғау мекемесі Қырғи би зираты кесенесін есепке алып, өткен жылы Қырғи бидің ұрпақтары бабаларының күмбез мазарын қоршап, басына көк тас және Бұқарбай батыр ауылындағы орталық бейітінде ескерткіш тақта орнатты.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ СІЗДЕРДІ

Зымырап жатқан уақыт десеңші! Әулеттің қос бәйтерегі Әкис Ержанов пен Дариха Ержанованың да бақиға бет түзегеніне бірнеше жылдың жүзі болыпты. 7 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан тараған немерелерін адал еңбекке баулыған асқар тау әке мен ақжаулықты ана жайында сол уақыттан бері өткен шақпен естеліктер айтып келеміз.

Әкис Ержанов 1938 жылы 20 қаңтарда Жалағаш ауданында дүниеге келген. Адал еңбекпен еңсе тіктеген әкеміз аудандағы коммуналдық шаруашылық мекемесінде ұзақ жылдар қарапайым жұмысшы болды, сол мекеменде құрметті зейнеткерлікке шықты. Отбасының тірегі 2003 жылдың 25 маусымында 65 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Ал анамыз Дариха Ержанова 1941 жылы 4 наурызда дүниеге келген. Ұзақ жылдар Жұмысшылар коперациясында қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Ақжаулықты анамыз 2013 жылы 28 қаңтарда 72 жасында бақиға бет түзеді.

Балалары мен немерелеріне бағдаршам болған ата-әжеміз жайлы тағылымды естеліктер көп-ақ, атамыз әсіресе немерелерін адал еңбекпен шыңдап, олардың еңсе тіктеуіне қолғабыс болды. Ал әжеміз жұмыс пен үй шаруасын қатар алып жүрді.

Бүгінде Әкис Ержанов пен Дариха Ержановадан тараған балалар әр салада қажырлы еңбек етіп, елдің еңсе тіктеуіне қолғабыс етуде. Тіпті олардан тараған немерелері де әр салада адал еңбек етіп жатыр. «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген осы шығар, сірә. Мұның бәрі асқар тау әке мен ақжаулықты анадан дарыған тәлім-тәрбиенің жемісі болса керек.

Иә, уақыт өтер, буын алмасар, алайда өскелең ұрпақ өткенді ұлықтап, өшкенді қайта жандыруда салтынан жаңылмауы қажет. Себебі бүгінгідей мамыражай қоғамда өз орнымызды табуда олар ереңше маңызға ие болды. Міне, көзі тірісінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Әкис Ержанов пен Дариха Ержанованың да әулеттегі орны бөлек еді.

«Орнында бар оңалар» дейді дана қазақ, шүкір ғой, қазіргі таңда қос бәйтеректен тараған ұрпақтары әр салада қажырлы еңбек етіп жатыр, немерелерінің өзі бір-бір шаңырақтың тірегіне айналды. Қолымыздан келетіні, атамыз бен әжемізді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштау. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, асқар тау әке, ақжаулықты ана.

Күңіренер көп жырласақ күз кеуде,
Үлкенді ұлық көру парыз біздерге.
Жатқан жері жайлы болып бақида,
Мәңгі мекен жұмақ болсын, сіздерге.

Еске алушылар Ержановтар әулеті

Судағы қауіпсіздік ережесін сақтаңыз

Жаз маусымында аудан тұрғындарының су айдындарына барып шомылатыны баршамызға мәлім. Адам ажалының негізгі себебі шомылуға арналмаған жерде суға түсу, балаларды қараусыз қалдыру және мас күйінде шомылудан болып жатады. Әсіресе адамның өзіне тым сенімді болуынан, өз мүмкіндігін бағамдай алмауы мен судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамауынан қайғылы оқиғалар орын алады. Осыған байланысты аудан тұрғындарының назарына су айдындарына шомылған жағдайда төмендегі судағы қауіпсіздік ереже талаптарын сақтауларыңызды сұраймыз.

Біріншіден, суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды, судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз. Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаған дұрыс. Суға тек қана рұқсат етілген жерлер мен жағажайларда шомылыңыздар.

Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз. Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаған абзал. Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз. Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыз.

Негізінен жүрек ауруы бар адамдарға, талып қалу, құлап қалуға бейім адамдарға, құлақтың дабыл жарғағының жарақаты бар адамдарға шомылуға тыйым салынады. Суға шомылу талаптарының орындалмауы Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 364-бабы (ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу) және 412-баптары (Су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау) бойынша әкімшілік шаралар көзделген. Төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 телефондарына хабарласыңыздар!

Құрметті аудан тұрғындары, судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаңыздар және сақтансақ, сақтайтынын қаперден шығармайық. Кішкене қателік орны толмас қайғылы жағдайға әкеліп жатады. Оның алдын алу сіз бен біздің қолымызда. Бастысы, қауіпсіздік қаперде болсын.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Спорт

Қазақстан барысы: Тоғызыншы чемпион

ЖЕКСЕНБІДЕ АСТАНА КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ – 2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ. ЕЛДІҢ ӘР АЙМАҒЫНАН ЖАУЫРЫНЫ ЖЕРГЕ ТИМЕГЕН КІЛ МЫҚТЫ ПАЛУАНДАР ЖИНАЛҒАН ДОДАНЫҢ ТАРТЫСТЫ ӨТЕТІНІ СӨЗСІЗ.

Жалпы, қазақ күресінен республикалық турнир 2011 жылдан бері тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді. Әр өңірден іріктеу кезеңдерінен өткен екі спортшыдан қатысты, олар абсолютті салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Биыл қатысушылардың жалпы саны – 41 палуан, оның ішінде «Әскер Барысы» күш құрылымдары арасындағы турнирдің және өткен жылғы іріктеудің жеңімпаздары да болды.

Биыл XII-ші рет ұйымдастырылып отырған «Қазақстан барысы» республикалық турниріне әлем елдері көз тіккен дүбірлі додаларда ұлт намысын, ел мәртебесін биікке көтерген нар тұлғалы балуандарымыз Қазақстан барысы Мақсат Исағабылов, Еламан Ерғалиев, Айбек Серікбаевтар Сыр елінің сенімін арқалап, шеберліктерін сынға салды. Өкініштісі «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші, палуандарымыздың асығы алшысынан түспеді.

Финалдық белдесуде Маңғыстау облысының палуаны Нұрдәулет Жарылғапов пен күштік құрылымдар арасында өткен «Әскер барысы» турнирінің жеңімпазы Ғалымжан Қырықбай күш сынасты. Ақтық күрес өте тартысты өтті. Әрине, турнирдің жеңімпазы атануды ниет еткен екі мықтының күресі қызықты болары анық. Десе де екі палуанның арасынан жеңімпаз анықталды. Осылайша «Алтын белбеу» мен 25 миллион теңге қаржылай сыйақы Ғалымжан Қырықбайға бұйырды. Ал «Қара Бура» лақап атымен танымал палуан Нұрдәулет Жарылғапов «күміс белбеуді» місе тұтты.

Үшінші орын үшін белдесу Павлодар облысының палуаны Мұхтар Дәлелханұлы мен «Әскер Барысы» турнирінің жеңімпазы Марат Байкамуров арасында өтті. Белдесу нәтижесі бойынша Мұхтар Дәлелханұлы қола белбеу иегері атанды.

Иә, турнир өте жағары деңгейде ұйымдастырылған. Барлығы қазақы үлгіде нашықталған. Турнирдің бас серіктесі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ болса, сондай-ақ серіктестер қатарында «Sport Qory» спортты қолдау қоры және «Сәтті Жұлдыз» АҚ бар.

Еліміз егемендік алғалы дәстүрлі спорттық ойын түрлері жаңаша серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чеспионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізілетін болды. Иә, күрестің ұлттық түрі қазақ күресінің даму тарихы қазақ халқының тамыры тереннен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі басқосулар мен түрлі мерекелік тойлар осы спорт сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына енді.

Қазақ елі үшін тағы бір қуанышты жаңалық, Қазақ күресі халықаралық олимпиада ойындарының тізіміне енуі мүмкін. Бұл туралы «Қазақстан барысы» қорының ресми өкілі Диас Ахметшәріп айтып берді.

– Қазақстан барысы» турнирін халықаралық деңгейге шығару бойынша бүгінге дейін ұлттық спорт түрлерін кеңінен дәріптеп келеміз. Мысалы, жапондықтардың сумо күресі, татарлардың белдесу күресі, ал бізде қазақ күресі бар. Біздің басты мақсат – қазақ күресін Олимпиада бағдарламасына енгізу. Бүгінде қазақ күресі елімізбен қатар алыс-жақын шетелде танымал. «Қазақстан барысынан» бөлек Еуразия және әлем барысын өткізіп келеміз. Қазақ күресін халықаралық аренаға шығаратын уақыт келді. Қазір бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр. Мүмкін 2028 жылы, мүмкін 2032 жылы болып қалар, – деді ол.

Жалпы, қазақ күресі адам денсаулығына пайдасы зор. Мәселен бұл ойын адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақша күрес күш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол қорғанудың ұлттық өнері. Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады, мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде, арнаулы жазық жерде, тегістегі қар үстінде белдесіп күресе береді. Ойынның ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады.

Жандос ЖАЗКЕН

Салтанатты шара

Киелі домбыра күмбірледі

ДОМБЫРА – ТӘТТІМБЕТТІҢ КҮЙІМЕН, ҚАЗАНҒАПТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БҮГІНГЕ ЖЕТКІЗГЕН, ҚҰРМАНҒАЗЫ МЕН ДИНАНЫҢ САУСАҒЫНАН КҮЙ БОЛЫП ТӨГІЛГЕН, ӘМІРЕНІҢ ӘНІНЕ АРҚАУ БОЛҒАН, АҚЫНДАРЫМЫЗДЫҢ ӨТКІР ТІЛІНЕ ТИЕК БОЛҒАН ҚАСИЕТТІ АСПАП. ШІЛДЕНІҢ БІРІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ – ҚАСИЕТТІ ҚАРА ДОМБЫРАНЫҢ САЛТАНАТ ҚҰРЫП, РУХЫМЫЗДЫҢ АСҚАҚТАЙ ЖАҢҒЫРҒАН КҮНІ. ЖЫЛ САЙЫН АТАЛЫП ӨТЕТІН БҰЛ МЕРЕКЕНІҢ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМЫЗҒА ҚОСАР ҮЛЕСІ ЗОР.

Аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде ұлттық домбыра күні мерекесіне орай «Домбыраңды ұлықта, ұлы ұлттың баласы» атты мерекелік концерт өтті. Ұлттық сана мен тәл өнерді жаңғыртып, дәріптеуге бағытталған мерекелік шара мың бұралған бишілеріміздің киелі аспапты бимен суреттеп ашуынан бастау алды.

Шара барысында аудан өнерпаздарынан құралған бір топ домбырашылар Құрманғазының «Балбырауын» күйін бір мезетте орындаса, жырауларымыз терең тарихты толқындата жырға қосты.

Жалағаш жұртшылығын қазақы үннің үлгісі болған домбыра күнімен құттықтаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов осынау аспаптың астарлы тарихына терең үңіліп, ұрпақ алдындағы маңызды рөліне тоқталып өтті.

– Домбыра десек біздің көз алдымызға жаны жайсан қазақ ұлты және Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға дейінгі созылған қазақтың ұлан байтақ кең даласы елестейді. Сол кең даладағы асқаралы таулар, көлдер, сылдырап аққан өзен-бұлақтар, жусанды дала және қызғалдаққа бөленген алқаптар еріксіз ойға оралады. Олай дейтін себебім осы ұлан байтақ жердің иесі де, киесі де – домбыра. Ықылым заманнан бері қазақ ұлтымен біте қайнасып бірге келе жатқан ұлттық аспап – домбыра. Рухы да, жаны да бітім болмысы да, табиғаты да қазақпен бірге. Себебі «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген Қадыр ағамыздың сөзі бар. Домбыра – қазақ ұлтының қиындықта да сүйеу болған, қуанышта көңілінің жыры болған аспап. Домбырадан төгілген күй жан-дүниенді қоздырып, көңілінді көтеріп, сырлы сазы түрлі әуенді сиқырға бөлейді. Домбыраның қымбаттысы да, киелісі де осында. Себебі тіл мен сөз жетпеген жерге күй жетеді. Біз қазақ халқы барлық көкейдегі мұң-зарымызды, талап-тілегімізді, ұсыныстарымызды тілмен жеткізе алмаған кезде осы өнер арқылы күймен жеткізгенбіз. Қазақтың домбырасының қара шаңырағында ұлттың шежіресі, ал екі ішегінде ұлттың бастан кешкен бүкіл мұң-зары мен табиғаты бар. Домбыра – біздің ұлттық кодымыз. Қазақы болмысымыз. Ұлттық кодымызды жоғалтатын болсақ, оны қайта орнату ешкімнің қолынан келмейді. Сондықтан да домбыраны келер ұрпаққа насихаттау, шаңырағымыздың төрінен орын беру, арнайы күн белгілеп тойлау, бұл біздің кешегі тарихымызға көрсеткен құрметіміз. Бүгінгі ұрпақ алдындағы міндетіміз, – деді аудан әкімі.

Жылдан-жылға қазақ ұлттық өнерін дамытуға, халық дәстүрлерін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағытта ауданымызда Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінің жанынан құрылған «Домбыра дастан» үйірмесі 2021 жылдан бері жұмыс жасайды.

– Ұлттық өнерге баулу мақсатында ашылған үйірме де қазіргі таңда 15 оқушы бар. Домбыра аспабына қызығушылық танытқан, оны үйренуге ынталы 13-16 жас аралығындағы оқушылар. Жалпы үйірменің балаларға берері көп. Үйірме барысында ұлттық аспап – домбыраның құрылысымен танысып, домбыраны нақышына келтіріп орындау мен ұлттық дәстүр және салт-сана тағылымын жас жеткіншек бойына сіңіру бағытында жұмыс жасаймыз, – дейді жетекшісі Бахтияр Есжанов. Ұлт өнеріне деген қызығушылығы жоғары оқушылар «Халық» күйлерін, «Келіншек», «Секіртпе», «Ерке сылқым», Құрманғазының күйі «Балбырауын», сынды бірқатар күйлерді меңгеріп үлгерген. Жетістіктері де жоқ емес. Үйірме қатысушысы Нұрайым Жасұланқызы облыстық «Бозторғай» байқауынан жүлделі III орын иеленген.

Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды насихаттау және өскелең ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Ғибрат» жыр-терме үйірмесі де жас жеткіншектер үшін жұмыс жасайды.

Ұлттық домбыра күні – ұлтымызды ұйытатын, бірлігімізді нығайтатын айтулы күн. Әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін домбыра – қазақтың жаны, тарихы, салт-дәстүрі, бүкіл болмыс бітімі екені хақ.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Құттықтау

ҚҰРМЕТТІ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ!

Баршаңызды ел астанасы күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке бүкіл қазақстандықтар үшін айтулы күн. Бүгінгі таңда Елордамыз – барша ұлт пен ұлыстың басын қосқан бірлік пен достықтың мекеніне айналған, қарыштап дамыған мемлекеттің нышаны, әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеудің айқын дәлелі.

Сарыарқа төрінде қоныс тепкен алып шаһарда әлем елдерінің көшбасшылары бас қосып, шешім қабылдайды. Мемлекетіміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктері, бүкіл қазақстандықтардың үміттері мен болашағы онымен тікелей байланысты. Көкке ұмтылған зәулім ғимараттар әрқайсысымыздың жүрегіміздe мақтаныш сезімдер ұялатады, мерейімізді тасытады. Елордамыз одан әрі өркендей берсін.

Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін!

С.ӘЛИЕВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Бәрекелді!

Алтын домбыра, алтын ұл — мақтанышы халқының

Қырғыз елінен жағымды жаңалық жетті. «Улут баскан улуу жол» атты халықаралық төкпе ақындар айтысында бас бәйгені жалағаштық айтыскер ақын, «Алтын домбыраның» үш мәрте жеңімпазы Мұхтар Ниязов жеңіп алды. Сырдың ұлы, айтыс ақтаңгері, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының басшысы Мұхтар Мәуленұлын облыстық мәдениет және спорт басқармасы және басқармаға қарасты ұжымдар қызметкерлері күтіп алды.

Қазақтың айтыс өнеріне қарымды олжа салып, халықтың ықыласына бөленіп жүрген жерлесіміз Мұхтар Ниязов жыр додасында Сырдың намысын қорғап келеді. Ол – бүгінде Сыр бойындағы ұлттық өнеріміз айтысты, суырыпсалма ақындық дәстүрді жалғастыру, айтысқа жастарды да баулып келеді. 2011 жылы облыстық «Тілім – тірегім, Астанам – жүрегім» атты ақындар айтысының I орын иегері атанды. 2012 жылы Қазалы ауданында өткен Ғ.Мұратбаевтың 110 жылдығына орай «Жалындап өткен жас ғұмыр» атты республикалық ақындар айтысынан бас бәйгені жеңіп алса, сол жылы «Алтын домбыра» иегері атанды. Ал 2015 жылы Қызылорда қаласында өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық айтыстың бас жүлде иегері атанған болатын.

2016 жылы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Алматы қаласында өткен «Алтын домбыра» аламан-айтысында бас жүлде иеленіп, алтын домбыраны екінші мәрте жеңіп алды. Айтыс ақтаңгері одан кейін де «Алтын домбыра» айтысында қарсылас шақ келтірмеген еді. Қазіргі айтыс өнерінің көш басында келе жатқан Мұхтар ақынның әлі де алар асуы биік екеніне күмән жоқ.

Бұл Мұхтар Ниязовтың Қырғызстанда өткен халықаралық айтыста бірінші рет топ жаруы емес. Яғни былтыр да дәл осындай уақытта қырғыз жеріндегі жыр аламанынан бас жүлдемен оралған болатын. Иә, қазақ пен қырғызға ортақ ақын болды деген осы.

Мұхтар Ниязов Қызылорда облысы Жалағаш ауданында 1985 жылдың 4 қарашасында дүниеге келген. Алғашқыда жазба ақын ретінде қалам тартқан ол айтыс өнерін аудандық оқушылар айтысына қатысудан бастады.

Мұхтар – облыстық ақындар айтысы мен жазба ақындар мүшәйрасының жүлдегері. Ол елімізде «Алтын домбыра» байқауының үш дүркін иегері. Сондай-ақ, көптеген айтыста жеңімпаз болса, бірқатарында жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Газетіміздің келесі саны 11 шілде, сейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1047

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ